ЖАС ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН ҚАЛАЙ ӨТКІЗДІ?



Айша Орынбасарова,
Подстепное ЖОББ мектебінің 3 "а' сынып оқушысы:

- Жазғы демалысымды Алматы және Ақтау қалаларында өткіздім. Бұл саяхат мен үшін өте қызықты әрі есте қаларлық болды. Алматы қаласында әсем табиғатты тамашалап, тауға саяхат жасадым. Қаланың көрікті жерлерін аралап, таза ауада серуендедім. Алматының табиғаты мен әсем көріністері маған ерекше әсер қалдырды. Кейін Ақтау қаласына барып, Каспий теңізінің жағасында демалдым. Теңіздің көгілдір суы мен жағажайдың әсемдігі көңіл-күйімді көтерді. Күнге қыздырынып, теңіз жағасында серуендеп, жақсы уақыт өткіздім. Алматының таулары мен Ақтаудың теңізі – жазғы демалысымды ерекше әрі қызықты еткен керемет орындар. Бұл демалыс мен үшін ұмытылмас естелік болып қалды. Өнер саласында да өз бағымызды сынап, көптеген үлкен жетістіктерге жеттік. Ақтау, Алматы қалаларында жасөспірімдер арасында «Хореография» саласы бойынша халықаралық байқау өткен болатын. Өнер саласында өзімді дамытуға ерекше көңіл бөлемін. Бала кезімнен осы салаға қызығып, би, ән және шығармашылық бағыттарда түрлі байқауларға қатысып келемін. Бұл сайыста да өз бағымды сынап, бас жүлде иегері атандым. Өнер арқылы қабілетімді шыңдап, сахнада өзімді еркін ұстауға үйрендім. Әрбір байқау маған жаңа тәжірибе беріп, өзіме деген сенімімді арттырды. Алдағы уақытта да жетістіктерімді көбейтіп, биік белестерді бағындырғым келеді.



Айсана Сапарова,
Федоровка ЖОББ мектебінің 6-сынып оқушысы:

- Жазғы демалыс әр балаға қуаныш сыйлайды, себебі балалар еркін демалып, бойларын жазады. Менде өз демалысымды бос өткізбедім. Аудандық кітапханадағы іс-шараларға белсенді қатыстым. Айта кететін болсам, Астана күнінде "Астананың сәулетті көркі" тақырыбында сурет салдым, Абайдың туған күніне орай өткен "Абай - ұлттың рухани темірқазығы" шарасында атамыздың "Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы" өлеңін жатқа айттым. Сонымен қатар спорттық шараға да қатыстым. Мен үшін осы жаздың ең қызығы – «Жасұлан» жазғы лагері. Лагерде 10 күн демалып, жаңа ортада жаңа достар таптым. Ол жерде де көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып белсенді қатыстым. Одан бөлек бос уақытымда үйде ертегілер оқыдым. Олардың қатарында "Аяз би", "Ертөстік", "Алтын сақа", "Әжемнің ертегілері", "Сказки Андерсена" шығармалары бар. Ертегілер өте қызықты болды, өйткені онда адам сенгісіз жағдаяттар көп, қиялға ерік беріп жазылған. Осылай ертегілер әлеміне де саяхат жасадым.

Биді жақсы көремін, 7-жасымнан "Жұлдыз" би ансамблінде билеймін. Өскенде хореограф болғым келеді. Осы жылы да мені жаңа дүние күтіп тұр, балалар шығармашылық үйіндегі "Смак" ас пісіру үйірмесіне жазылдым. Себебі тәтті тағамдар пісіргенді жақсы көремін. Үйде отбасыма құймақ пісіріп беремін. Енді өзімді жаңа үйірмеде жаңа қырымнан көргім келеді.



Ақкербез Сәбит,
Ақжайық ЖОББ мектебінің 5 «а» сынып оқушысы:

- Жазғы демалыс - жай ғана сабақтан бос уақыт емес, жаңа күш жинайтын, жүрекке жылы естеліктер қалдыратын ерекше кезең. Мен жылдағыдай басқа қалаларға қыдырып шықпасам да, осы жазғы демалыстың ең ерекше сәттері әжеммен бірге өткізген уақыт болды. Әжемнің қасында жүріп, оған көмектестім, әңгімелерін тыңдадым және одан көп нәрсе үйрендім. Ол маған ақылын айтып, өмірден көргендерін бөлісті. Оның мейірімі мен жылы сөздері жүрегімде жақсы естелік болып қалды. Сонымен қатар Елдос Тоқтарбай ағамыздың «Тау Құсы», Ахмет Байтұрсынов атамыз туралы жазылған «Көгершін жүрек» кітаптарын оқыдым, өзіме қатты ұнады. Жазда әкем Мәншүк Маметова батыр әжеміздің мұражайына ағам екеуімізді апарды. Әжеміздің пайдаланған заттары әлі де сақталғаны қуантты. Соғыс жылдары жайлы жаңа ақпараттар алдық. БҚО өңірінің экологиялық мұражайына да жол түсті. Мен көрмеген көптеген құстар мен жануарлардың бейнесі сақталыпты. Өте алып мамонттың сүйектері де бар екен. Тарихқа бай жерде тұрғаныма қуаныштымын. Жазғы демалыс — тек демалып, жақсы нәрселер үйреніп, жаңа жерлерге бару емес, бұл — отбасыңмен жақындасу. Ата-анаммен бірге өткізген уақыт үлкендерді сыйлауға, олардың ақылын тыңдауға және отбасының қадірін түсінуге үйретті. Демалысым өте көңілді әрі мағыналы өтті. Енді жаңа оқу жылына жақсы көңіл-күймен, жаңа күшпен дайынмын!

Айжұлдыз Аманғали,
Ұзынкөл ЖОББ мектебінің 6 «а» сынып оқушысы:



- Мен осы жазғы демалысымда Шалқар жағалауындағы «Жасұлан» лагеріне бардым. Лагерьде әртүрлі қызықты іс-шаралар ұйымдастырылған, уақыт қызықты өтеді. Әрі әр ауылдан келген оқушылармен танысып, жаңа достар табасың. Лагерьдегі әрбір күн түрлі шараларға толы болды. Күніміз таңғы дене жаттығуларынан басталып, кейін спорттық жарыстар мен танымдық ойындарға жалғасатын. Сонымен қатар біздің лагерьде көптеген үйірмелер болды. Біз достарымызбен бірге түрлі шығармашылық жұмыстарға қатысып, жаңа дүниелерді үйрендік. Лагерь өмірінің ең ерекше сәті - тауға саяхат жасауымыз еді. Таза ауада серуендеп, табиғаттың ғажайып сұлулығын тамашаладық. «Жасұлан» лагері - менің жазғы демалысымның ең қызықты кезеңдерінің бірі. Жаздың ең жарқын сәті - отбасымызбен және отбасылық достарымызбен бірге Ақтөбедегі бассейнге барғанымыз. Сол жерде достарымызбен бірге суға шомылып, алаңсыз демалдық. Кешке барлығымыз алаңға жиналып, ән айтып, қызықты ойындар ойнадық. Осы жазда мен тек жақсы демалып қана қоймай, дүниетанымымды кеңейттім. Биылғы демалыс маған үлкен күш-жігер берді және өмірімнің ұмытылмас бір парағына айналды.

Айым Арсенқызы,
Новопавловка МББК 6-сынып оқушысы:



- Жазғы демалыс оқу жылы аяқталғаннан кейінгі балалардың асыға күтетін ең көңілді мезгілі. Демалыс кезінде достармен кездесуге, табиғат аясында демалуға, отбасыңмен қызықты күндер өткізуге, жаңа жерлерге қыдыруға болатындығы ұнайды. Жазғы демалыстың алғашқы күндерінде басқа ауылда тұратын әжеме, нағашы ата-әжеме қыдырып бардық. Апатайым екеуміз әжелерімізге бау-бақша баптауға, жеміс ағаштарынан жемістер теріп, оларды қысқа сақтауға, сондай-ақ үй шаруасын жасауға көмектестік. Құрбыларыммен де көңілді күндер өткіздім. Мен де, құрбыларым да сурет салғанды ұнатамыз. Жиі кездесіп, түрлі-түсті қарындаштармен әдемі суреттер салдық. Суреттерімізді бір-бірімізге көрсетіп, кімдікі ерекше екенін талқыладық. Кейін түрлі дәмді тағамдарды бірге пісіріп, олардан дәм татып, қызықты әңгімелер айттық. Кешкі уақытта ауылымыздағы саябақта серуендеп, музыка тыңдап, армандарымыз туралы сырласатынбыз. Біріміз әнші, біріміз дәрігер, біріміз дизайнер болғымыз келетінін айтып, ойымызбен бөлісеміз. Мұндай әңгімелер бізді одан сайын жақындастырды. Осындай жылы кездесулер менің есімде ұзақ қалатыны анық. Менің ойымша, ең қызықты да бақытты сәттер – жақын достарыңмен бірге шын көңілмен күліп-ойнап өткізген уақыт. Биылғы жазғы демалысым қызықты оқиғаларға, қуанышты сәттерге және әдемі естеліктерге толы болды!

Бетті дайындаған: Қаламқас САЯСАТОВА

ТЕРЕКТІ ЖАҢАЛЫҒЫ
Теректинская новь

№37 (11045) 08/09/2026 ж. | terektigazeta@gmail.com | www.facebook.com/redakciayternew vk.com/terektiqazeta | Аудандық қоғамдық-саяси газет

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАСЫ



Тіл – қай ұлттың, қай елдің болмасын ең қастерлі де қасиетті қазынасы. Оның өн бойында халықтың ғасырлар бойы қатталған тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен рухы тоғысады. Ана сүтімен бойға дарып, бесік жырымен санаға сіңетін туған тіл адамды өз халқымен байланыстыратын алтын арқау іспетті. Бабаның батасы, халықтың дүниетанымы мен ұлттың мінезі де сол тілде өмір сүреді. Сондықтан ана тілін ардақтау – сөзді ғана емес, тұтас бір халықтың өткенін құрметтеп, келешегіне жол ашу.



4-бетте

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ

Білім күні Подстепное ауылындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебінде білім күніне арналған салтанатты жиын өтіп, жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы соғылды.



2-бет

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ

Жұма күні Теректі аудандық мәслихатының 33-кезекті сессиясы ұйымдастырылып, оған 12 депутаттың 9-ы қатысты. Күн тәртібіне 12 мәселе енгізілді.



3-бет

СҮЙІНШІ!

«МЕН ОҚЫҒАН 30 КІТАП»



Кітапқұмар теректілік өрен республикалық додада жүлдеге ие болды. Ұзынкөл ауылдық кітапханасының белсенді оқырманы Аяжан Жасұланқызы Жүнісова «Мен оқыған 30 кітап» I республикалық байқауында «Ақын Жұбан Молдағалиев» атындағы арнайы жүлдені иеленіп, 150 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды.

Аяжанның республикалық додаға дейінгі жолы облыстық кезеңнен басталды. Ол байқаудың облыстық кезеңінде бақ сынап, III орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды.

«Мен оқыған 30 кітап» байқауы жалпы білім беретін мектептердің 8–11-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты – жас ұрпақтың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, оқыған шығармалары бойынша ой қорытып, пікір білдіру дағдыларын дамыту.

Байқау бірнеше кезеңнен тұрды. Ережеге сәйкес әр облыс пен Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан іріктелген оқушылар республикалық кезеңге жолдама алды. Қатысушылар байқауға ұсынылған 30 кітап бойынша білімдерін сынға салды. Республикалық кезең 4 қыркүйекте ұйымдастырылды.

Республикалық кезеңде 19 үміткер бақ сынады. Байқау қорытындысында I, II, III орын иегерлері мен үш арнайы жүлде иегері анықталып, 11 қатысушыға қатысқаны үшін марапат табысталды. Соның ішінде үш арнайы жүлде иегері де анықталды. Еліміздің әр өңірінен іріктелген кітапқұмар жастар бас қосқан додада Аяжан да жақсы нәтиже көрсетіп, үш арнайы жүлденің бірі – «Ақын Жұбан Молдағалиев» атындағы арнайы жүлдеге лайық деп танылды. Жерлесімізге арнайы диплом табысталып, 150 мың теңге ақшалай сыйлық берілді.

Жас оқырманның бұл жетістігінде жетекшісі Сәлімгереева да еңбегі бар. Шәкіртін байқауға жүйелі дайындап, республикалық деңгейге дейін жетелеген жетекшінің еңбегі арнайы Алғыс хатпен бағаланды.

Айта кетейік, байқауға ұсынылған 30 кітаптың қатарында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», Төлен Әбдіктің «Парасат майданы», Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер», Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» және басқа да қазақ әдебиетінің туындылары бар. Байқау ережесінде оқушылар оқуға тиіс 30 шығарма толық көрсетілген.

Кітапты серік еткен Аяжанның облыстық кезеңнен республикалық додаға дейін жетіп, арнайы жүлде иеленуі – Теректі ауданы үшін сүйінші жаңалық. Жас оқырманның бұл жетістігі – кітапқа деген қызығушылық пен жүйелі дайындықтың нәтижесі.

Ә. ҒАЗИЗОВА

БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ – БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚ

Теректі аудандық мәдениет үйінде «Әйел.Қоғам.Болашақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Берекелі отбасы – бақытты болашақ» жобасының қорытынды шарасы ұйымдастырылды.



5-бет

ГИМНАЗИЯ СЫНЫПТАРЫ АШЫЛДЫ

Жуырда білім күніне орай Подстепное ауылындағы жалпы орта білім беретін мектебінде салтанатты жиын өтті. Аталмыш ұжымда 72 ұстаз шәкірттерін білім нәрімен сусындатпақ. 665 оқушымен білім науқанын бастаған мектепте биылдан бастап гимназия сыныптары ашылғанын мектеп директоры Марат Сыхов қуанышпен хабарлады. Аталған гимназия 5 және 6- сыныптарына ашылды.

Салтанатты жиында аудан әкімінің орынбасары сөз сөйлеп, жүрекжарды тілегін жеткізді.

- Құрметті ата-аналар, ұстаздар және оқушылар. Сіздерді жаңа білім күнімен құттықтаймын. Сабақтарыңды беске оқып, еліміздің дамуына үлес қосатын азамат болуларыңызға тілектеспіз. Болашақтарыңыз жарқын болып, әрдайым жолдарыңыз ашық болсын, - деді аудан әкімінің орынбасары Темірболат Мұхитұлы.

Одан әрі аудан басшылары мектептің қазіргі жағдайымен танысып, гимназия кабинеттерін аралап көрді. Аталған мектепте киберспорт бойынша облыстық және республикалық жарыстарға қатысып, тамаша өнер көрсетіп жүрген жас спортшылар білім алуда. Қолдан кемелер жасап, талай жарыстарға қосып бағын сынап жүрген мектеп оқушыларынан ұстаздар көп үміт күтеді.

Темір БОЛАТ



БІЛІМ ЖОЛЫНА БАСТАЛҒАН ІЗГІ ҚАДАМ

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында Госплемстанция жалпы орта білім беретін мектебінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету мақсатында игі шара ұйымдастырылды.

Осы қайырымдылық бастамаға қолдау білдіріп, демеушілік көмек көрсеткен жандардың үлесі ерекше. Атап айтқанда, «Парасат» қоры 150 000 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетсе, мектеп ұстаздары Марлен Кубайдуллаұлы Даулетов 10 000 теңге және Қайырбек Саматұлы Байғалиев 20 000 теңге көлемінде өздерінің азаматтық жанашырлықтарын танытты. Сонымен қатар жеке кәсіпкер «Ерсұлтан» 50 000 теңге көлемінде демеушілік жасап, акцияның табысты өтуіне өз үлесін қосты.

Жас ұрпақтың жарқын болашағына бейжай қарамай, жүрек жылуын қаржылай қолдаумен ұштастырған барлық демеушілерге мектеп ұжымы атынан зор алғысымызды білдіреміз. Осындай игі істер мен қайырымдылыққа толы бастамалар қоғамдағы мейірімділік пен жанашырлықтың жарқын көрінісі болып табылады. Сіздердің көрсеткен қолдауларыңыз көптеген оқушылардың жаңа оқу жылын көтеріңкі көңіл-күймен бастап, сапалы білім алуына үлкен мүмкіндік береді.

Қайырымдылық жасаған барша азаматтарға шынайы ризашылығымызды білдіре отырып, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, мерейлеріңізге береке тілейміз!

Ж. Е. САҒЫНОВА
Мектеп әлеуметтік педагогі





АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ

Білім күні Подстепное ауылындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебінде білім күніне арналған салтанатты жиын өтіп, жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы соғылды.

Мерекелік шараға Теректі ауданының әкімі Әлия Мұханбетжанова, аудандық білім беру бөлімінің басшысы Индира Амертаева, полиция аға лейтенанты Азамат Абдрахманов және Подстепное ауылдық округінің әкімі Мейірбек Сұлтанов қатысты.

Салтанатты жиында аудан әкімі Әлия Мұханбетжанова сөз сөйлеп, ұстаздар мен оқушыларды, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Аудан басшысы өткен оқу жылындағы білім саласының жетістіктеріне де тоқталды. Ауданда 11-сыныпты 392 оқушы аяқтап, олардың 14-і үздік аттестат иеленген. Ал 9-сыныпты тәмамдаған 559 оқушының 37-сі үздік аттестатқа ие болды. Ұлттық бірыңғай тестілеуге 362 түлек қатысып, оның 150-і білім беру грантының иегері атанды. Сондай-ақ 8 түлек «Алтын белгі» төсбелгісімен марапатталған.

– Бұл – оқушыларымыздың табанды еңбегінің, ұстаздарымыздың кәсіби шеберлігінің және ата-аналардың қолдауының нәтижесі. Алдымызда жаңа оқу жылы, жаңа міндеттер мен жаңа белестер тұр. Осы оқу жылында да мектебіміздің оқушылары білім саласында, спортта, өнерде және түрлі байқауларда биік белестерді бағындырады деп сенемін, – деді Әлия Биғазықызы.

Биыл №1 мектепте 11-сыныптың үш сыныбында 37 оқушы білім алады. Оның екеуі – қазақ, біреуі – орыс сыныбы. Бітірушілер арасында «Алтын белгіге» 3, үздік аттестатқа 2 үміткер бар.

Ал мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер бес сыныпқа бөлінген. Оның үшеуі – қазақ, екеуі – орыс сыныбы. Олар үшін бүгінгі алғашқы қоңырау – білім әлеміне басталған жаңа сапардың белгісі.

Жиын барысында жаңа оқу жылындағы тәрбие жұмысының «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүргізілетіні айтылды. Бағдарлама – адал, жауапты, еңбекқор әрі білімді, заңды, қоршаған ортаны және Отанын құрметтейтін азамат қалыптастыруға бағытталған.

Салтанатты шараның ең әсерлі сәтінде жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы соғылды. Осылайша мектеп оқушылары жаңа мақсаттар мен жаңа жетістіктерге бастайтын кезекті оқу жылына қадам басты. Жаңа оқу жылы құтты болсын!

Әдемі ҒАЗИЗОВА





Хабарландыру

"Құмақсай ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ-нің иелігіндегі Құмақсай ауыл округі ҚТҚ полигонына арналып жасалған қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу материалдарына ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Құмақсай ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, ғимарат 57/2 (әкімдік ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жыл 16 қазан сағат 10:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу:

https://us05web.zoom.us/j/9444274054?pwd=eTMrR1hsckhxcGd6Q29WQkZFUGZwQT09&omn=85445886218

Идентификатор конференции: 944 427 4054

Кіру коды: L9RqKZ

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru танысуға болады e-mail: zko_forest@bko.gov.kz.

Бастамашы: "Құмақсай ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ, мекен-жайы: БҚО, Теректі ауданы, Құмақсай ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, ғимарат 57/2 БСН 050240005968, тел. +71132-30270

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru.

"Құмақсай ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: zko_forest@bko.gov.kz

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен БҚО, Теректі ауданы, Құмақсай ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, ғимарат 57/2 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +71132-30270

Полигонның географиялық координатасы:

Ендік: 51° 6'54.51"С

Белдік: 51°41'44.69"В

Объявление

ГУ «Аппарат акима сельского округа Құмақсай» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектным материалам для получения разрешения на воздействие для полигона ТБО сельского округа Құмақсай.

Место проведения: Западно-Казахстанская область, Теректинский район, с. Құмақсай, улица Абай Кунанбаев, здание 57/2 (в здание акимата).

Дата и время проведения: 16 октябрь 2026 года в 10:00.

Подключиться к конференции

https://us05web.zoom.us/j/9444274054?pwd=eTMrR1hsckhxcGd6Q29WQkZFUGZwQT09&omn=85445886218

Идентификатор конференции: 944 427 4054

Код доступа: L9RqKZ

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ndbecology.gov.kz/, а также на сайте https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области» e-mail: zko_forest@bko.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ГУ «Аппарат акима сельского округа Құмақсай» адрес: ЗКО, Теректинский район, с. Құмақсай, улица Абай Кунанбаев, здание 57/2 БИН 050240005968, тел. +71132-30270

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

ГУ «Аппарат акима сельского округа Құмақсай» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: zko_forest@bko.gov.kz

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: ЗКО, Теректинский район, с. Құмақсай, улица Абай Кунанбаев, здание 57/2. По всем вопросам обращаться по телефонам: +71132-30270

Географические координаты полигона.:

Широта: 51° 6'54.51"С

Долгота: 51°41'44.69"В

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Суық ауа райының басталуымен тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігі мәселесіне ерекше көңіл бөлу қажет. Жылу беру маусымында пештерді, жылыту құрылғыларын және электр жабдықтарын пайдалану кезінде өрт шығу қаупі артады.

Өрттердің негізгі себептерінің бірі – пешті пайдалану ережелерін сақтамау, электр жабдықтарының ақаулығы, электр желілеріне шамадан тыс жүктеме түсіру, қолдан жасалған жылыту құрылғыларын пайдалану және отпен абайсыз жұмыс істеу.

Осыған байланысты Төтенше жағдайлар бөлімі жылу беру маусымында тұрғындарды қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Жылу беру маусымы басталғанға дейін пештер мен түтін мұржаларының жарамдылығын тексеріп, оларды күйеден тазарту қажет. Анықталған ақауларды уақытылы жою керек. Жанып тұрған пешті қараусыз қалдыруға және оны жағуды балаларға тапсыруға болмайды.

Электр желілеріне де ерекше назар аударған жөн. Ақаулы розеткалар мен электр сымдарын уақытылы ауыстыру қажет. Бір розеткаға бірнеше қуатты электр құрылғысын қатар қосуға, зақымдалған ұзартқыштарды және қолдан жасалған электр жылытқыш құрылғыларын пайдалануға жол берілмейді.

Пештердің, жылытқыш құрылғылардың және электр жабдықтарының маңында тез тұтанатын заттарды, отынды, киім-кешекті және басқа да жанғыш материалдарды сақтауға болмайды.

Әрбір тұрғын үйде жарамды өрт сөндіргіштің болуы және автономды өрт хабарлағышын орнату ұсынылады. Өрт хабарлағышы түтінді дер кезінде анықтап, тұрғындарға қауіп туралы ескертуге мүмкіндік береді.

Ата-аналар балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіріп, оларды қараусыз қалдырмауы қажет.

Құрметті Теректі ауданының тұрғындары! Үйдегі қауіпсіздік, ең алдымен, әр адамның жауапкершілігіне байланысты. Қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау өрттің алдын алып, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға мүмкіндік береді.

Өрт болған жағдайда дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарласып, нақты мекенжайды айту және қауіпті аймақтан қауіпсіз жерге шығу қажет.

Теректі ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды қауіпсіздік талаптарын сақтауға шақырады! Қауіпсіз жылу беру маусымы – әр үйден басталады.

БЕЗОПАСНАЯ РЫБАЛКА: СОБЛЮДАЙТЕ ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОСТИ НА ВОДЕ

Рыбалка — одно из любимых занятий многих жителей нашего района. Однако отдых у водоема требует особой осторожности. Даже спокойный на первый взгляд водоем может представлять опасность. Большинство несчастных случаев происходит из-за собственной беспечности, переоценки своих сил и несоблюдения элементарных правил безопасности.

Сотрудники органов гражданской защиты напоминают рыбакам: отправляясь на рыбалку, прежде всего необходимо позаботиться о собственной безопасности.

Основные правила безопасной рыбалки:

- выбирайте для рыбалки безопасные и хорошо знакомые места;
- не отправляйтесь на водоем в состоянии алкогольного опьянения;
- не ловите рыбу в опасных и запрещенных местах;
- при использовании лодки обязательно надевайте спасательный жилет;
- не перегружайте лодку и не садитесь в нее при неисправном оборудовании;
- сообщите родственникам или близким, куда именно вы отправляетесь на рыбалку;
- возьмите с собой заряженный мобильный телефон, желательно в водонепроницаемом чехле;
- следите за погодными условиями и при ухудшении погоды незамедлительно возвращайтесь на берег;
- не оставляйте детей возле водоема без присмотра;
- не приближайтесь к обрывистым и скользким берегам;
- во время рыбалки не заходите в воду без крайней необходимости.

Особое внимание следует уделить безопасности при использовании маломерных судов. Перед выходом на воду необходимо убедиться в исправности лодки, наличии спасательных жилетов и других необходимых средств безопасности. Спасательный жилет должен быть надет на каждого человека, находящегося в лодке.

Не стоит рисковать жизнью ради хорошего улова. При сильном ветре, грозе, ухудшении видимости или других неблагоприятных погодных условиях от рыбалки следует отказаться.

Помните, что вода не прощает беспечности. Соблюдение элементарных правил безопасности поможет избежать несчастных случаев и сохранить самое ценное — жизнь и здоровье.

Уважаемые рыбаки! Будьте осторожны на воде, соблюдайте правила безопасности и берегите себя и своих близких!

После смерти – Крумгалиева Аскара Кариевича , умершего 05.03.2026 года, открылось наследство у нотариуса Теректинского района ЗКО Бекетова Ф.И. Наследникам обращаться по адресу: ЗКО, Теректинский район, село Теректі, улица Сұңқар 9, оф 1. Тел: 8 702 383 21 91

После смерти – Стратуца Павела Васильевича, умершего 13.06.2026 года, открылось наследство у нотариуса Теректинского района ЗКО Бекетова Ф.И. Наследникам обращаться по адресу:ЗКО, Теректинский район, село Теректі, улица Сұңқар 9, оф 1. Тел: 8 702 383 21 91

После смерти – Тастенова Жумабая Темирбековича, умершего 06.03.2026 года, открылось наследство у нотариуса Теректинского района ЗКО Бекетова Ф.И. Наследникам обращаться по адресу: ЗКО, Теректинский район, село Теректі, улица Сұңқар 9, оф 1. Тел: 8 702 383 21 91

После смерти – Егорова Александра Васильевича, умершего 13.05.2026 года, открылось наследство у нотариуса Теректинского района ЗКО Бекетова Ф.И. Наследникам обращаться по адресу: ЗКО, Теректинский район, село Теректі, улица Сұңқар 9, оф 1. Тел: 8 702 383 21 91

После смерти – Адильханова Мурата Дусановича, умершего 14.07.2026 года, открылось наследство у нотариуса Теректинского района ЗКО Бекетова Ф.И. Наследникам обращаться по адресу: ЗКО, Теректинский район, село Теректі, улица Сұңқар 9, оф 1. Тел: 8 702 383 21 91

Меншік иесі:
"Жайық Пресс" ЖШС
Бас директор
Дархан УРАЗОВ

"Жайық Пресс" ЖШС Теректі аудандық "Теректі жаңалығы-Теректинская новь" қоғамдық-саяси газетінің директор-редакторы

Темірболат ТОҚМАМБЕТОВ

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі берген куәлік 19.01.2012 жылы тіркелген. Тіркеу нөмірі №12268-Г

Мекен-жайымыз: 091100 Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Теректі ауылы, Сұңқар көшесі, 20-үй
Телефондар: Редактор: (871132) 21-2-37
Жауапты хатшы (факс): (871132) 23-3-96
Біздің электронды поштамыз: E-mail: terektigazeta@gmail.com

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

"Хабар-Сервис" ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Т.Смағұлов көшесі 9/2,
Телефон: 8 (7132) 400-400, 8(7132) 545-545

Газет аптасына 1 рет шығады
Көлемі 2 баспа табақ
Таралымы: 2025 дана

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Мемлекеттік қызметтің ауыр жүгін абыроймен арқалап келе жатқан әріптестерімізге қарап марқаямыз. Әріптестермен бірге иық тіресе жүріп талмай еңбек етіп жатқан мемлекеттік қызметшілердің жасап жатқан тірлігі өлшеусіз екендігі баршаға аян.

Осы орайда өз мамандығын жете меңгерген, қызметтестері алдында ерекше беделге ие болған, мемлекеттік қызмет саласында тәжірибесі мол менің әріптесім ол – Айнұр Нұрболатқызы Қанатова. Ол 1983 жылы 9 ақпанда БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылында дүниеге келген. Жоғары білімді Айнұр Нұрболатқызы 2007 жылдан Теректі ауданының Теректі ауылы әкімі аппаратының жетекші маман лауазымына тағайындалды. Кейін 2008 жылдан бері Теректі ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бірыңғай қызметі (кадр қызметі) және мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бас инспекторы болып қызмет атқарып келеді.

Өнегелі еңбегімен, тындырымды ісімен және қарапайым да парасатты мінезімен үлкен абырой беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі маманы. Тізгіні өзіне сеніп тапсырылған бөлімнің жұмысын сапалы да ұтымды жүргізу ісіндегі еңбегін аса бағалаймыз. Мемлекеттік қызметкердің еңбегі терең біліктілікті, үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап етеді.

Жауаптылықты аса жоғары қажет ететін, мемлекеттік қызметімен қоса отбасылық жауапкершілігін де қатар алып жүрген ардақты ана, аяулы жар. Айнұр Нұрболатқызы жолдасымен бүгінде бір қыз, екі ұл тәрбиелеп отырған ауданымыздың үлгілі отбасыларының бірі. Өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілігімен үлгілі атқарып жүрген әріптесім аудан, облыс әкімдерінің алғыс хатымен марапатталған.

Мемлекет сенім артқан қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын қатаң сақтаған, Әдеп кодексінің нормаларын қатаң тұтқан, өз қызметіне адал еңбекқор жан. Жылдар бойы жинаған тәжірибесін жас мамандармен бөлісіп көптеген жас мамандардың бүгінгі күні білікті маман болуларына үлкен үлес қосып келеді. Ұжымда адал, еңбекқор, ортасына сыйлы әріптес, отбасында мейірімді ана, асыл жар бола білген осындай жанмен әріптес болғанымызға қуанамыз.

М. ЕРКІБАЕВ,
Теректі ауданы әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл

ТУҒАН ЖЕР – ЖҮРЕК ҮНІ

Аудан тұрғындарының басын қосып, ауыл өнерпаздарының шығармашылығын насихаттауды көздеген «Кеш жарық, Теректі!» жобасы жалғасын тапты. Бұл жолы ауданның орталық алаңында Покатиловка және Құмақсай ауылдық округтері «Туған жер – жүрек үні» атты концерттік бағдарламасын ұсынды.

Кеш концерттік бағдарламамен ғана шектелмей, ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі мен қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Шараға аудан әкімі Әлия Мұханбетжанова қатысып, көрмеге қойылған бұйымдармен танысты. Сондай-ақ сауда жасап жатқан тұрғындармен әңгімелесті.

Көрмеде «Мейрамгүл» жеке кәсіпкерлігі танымдық-дамытушылық ойыншықтарын ұсынды. Ал Покатиловка ЖОББМ-нің 5–9-сынып оқушыларының тоқыма, гипс, қалдық материалдардан және ермексаздан жасаған түрлі қолөнер бұйымдарын көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жанар Дұзбаганбетова таныстырды.

Сонымен қатар Покатиловка кәсіпкерлері жүгері, донер және өзге де тағам түрлерін сауда сөресіне қойды. Жәрмеңкеде өзге ауылдық округтерден келген кәсіпкерлер де бой көрсетті.

Теректілік кәсіпкерлер көкөніс пен жеміс-жидек саудаласа, шағатайлық тұрғын ет өнімдерін ұсынды. Ал Шағаннан келгендер кәуап әзірлеп, түрлі сусындар сатты.

Ән мен биге ұласқан кеште Покатиловка және Құмақсай ауылдық округтерінің өнерпаздары көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Концерт барысында әсем әндер шырқалып, би композициялары орындалды. «Жарқын-Ай» би тобы да өнер көрсетіп, кештің сәнін келтірді. Ауыл өнерпаздарының өнерін жиналған жұртшылық қошеметпен қабылдады.

Кеш соңында жан-жақтан жиналған аудан тұрғындары да белсенділік танытып, гір тасын көтеру, лаңгі тебу, арқан тартыс және футболдан сайысқа түсті. Тартысты бәсекелерде үздік шыққан қатысушыларға түрлі сыйлықтар табысталды.

Осылайша, «Кеш жарық, Теректі!» жобасының кезекті кешінде өнер мен кәсіпкерлік, қолөнер мен спорт бір алаңда тоғысты. Көрме-жәрмеңке жергілікті тұрғындардың еңбегін көпшілікке танытса, концерт пен спорттық сайыстар шараның шырайын кіргізді.

Ә. ТАЛҒАТҚЫЗЫ





ЖАС СУДОМОДЕЛЬШІЛЕР – ЕЛ КУБОГІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



Жуырда Қостанай қаласында Қазақстан оқушыларының XIII жазғы Гимназиадасы аясында судомодельдік спорттан республикалық жарыс өтті.

Байрақты бәсекеге еліміздің 5 өңірінен 80-ге жуық жас спортшы қатысып, U-13 және U-17 жас санаттарында өзара бақ сынады.

Судомодельдік спорт – техникалық шеберлік пен дәлдікті, ұқыптылық пен шығармашылықты қатар талап ететін спорттың ерекше түрі. Қатысушылар өз қолдарымен жасаған кеме модельдерін басқарып, олардың жылдамдығы мен қозғалыс дәлдігін сынға салды. Мұндай жарыстар жасөспірімдердің техникалық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, олардың инженерлік-техникалық бағыттарға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Жарысқа Батыс Қазақстан облысының намысын Теректі ауданы Подстепный жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары қорғады.

Жетекшілері Манас Исмағұлұлы Аққожиннің дайындығымен сынға түскен жас спортшылар бірнеше санат бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп, командалық есепте де жүлделі орындарға ие болды.

XIII жазғы Қазақстан оқушыларының Гимназиадасы аясындағы жарыстың қорытындысында Абдул Қайырбек F2-A класы – I орын, F2 класы – II орын, ECO Expert – III орын, Mini Expert – III орынды иемденді. Сонымен қатар Аян Сағидолла F2-JU – I орын, FSR Standart – II орын алса, Марлен Энгельсов F4-A – I орын, F2-B – III орыннан көрінді.

Жарыстың қорытындысы бойынша Подстепный ЖОББМ командасы жалпы командалық есепте III орын иеленді.

Сонымен қатар жас спортшылар Кеме үлгілерін жасау спорты бойынша Қазақстан Республикасының Кубогі жарысында да бақ сынап, тамаша нәтижелер көрсетті. Жарыстың нәтижесінде Қайырбек Абдул Mini Expert – I орын, ECO Expert – III орын, F2-K – III орыннан көрінсе, ал Аян Сағидолла F2 – III орын, Марлен Энгельсов F4-A – I орын, F2-A – III орынды қанжығасына байлады.

Бұл бәсекеде де Подстепный ЖОББМ командасы жоғары нәтиже көрсетіп, жалпы командалық есепте I орын иеленді.

Оқушылардың қос бірдей республикалық додада жүлделі орындарға ие болуы – жүйелі дайындықтың, табандылықтың және жетекшінің еңбегінің жемісі. Жас судомодельшілер өздерінің техникалық қабілеттерін дәлелдеп, Теректі ауданы мен Батыс Қазақстан облысының мерейін республикалық деңгейде асқақтатты.

Бұл жеңістер – мектеп оқушыларының тек білім мен өнерде ғана емес, техникалық шығармашылық пен спорт бағытында да биік белестерді бағындыра алатынының айқын көрінісі.

Жас спортшыларды жеңістерімен құттықтап, алдағы жарыстарда да толағай табыстар тілейміз!

Нұргүл РАМАЗАНҚЫЗЫ

ЖАРАЙСЫҢ, ДАНИИЛ!

Даниил Александрович Крылов 2005 жылы 28 қарашада Батыс Қазақстан облысы, Подстепный ауылында дүниеге келген. Дзюдоға қызығушылығы бала кезінен басталып, 9 жасында алғашқы жаттығуларға қатыса бастады. Ол Подстепныйдағы №1 жалпы білім беретін мектепте оқып жүріп, спортқа деген ынтасын шыңдады. Жас спортшының табандылығы мен еңбегі уақыт өте келе үлкен жетістіктерге жеткізді.

2024 жылы – жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында 81 келі салмақта қола жүлдегер атанды. 2025 жыл – Чехия мемлекетінің астанасы Прагада өткен Еуропа кубогінде 90 келі салмақта қола жүлдеге қол жеткізді. 2026 жылы 28 тамыз – 1 қыркүйек аралығындағы Орал қаласында өткен дзюдо күресінен ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында 90 келі салмақта қола жүлдегер атанды. Бұл жетістік ерекше тарихи мәнге ие болды: Крылов Даниил Теректі ауданынан шығып, ересектер арасында Қазақстан чемпионатында жүлделі орын алған тұңғыш спортшы ретінде аудан тарихына енді.

Даниилдің спорттағы жолы – ауылдан шыққан жасөспірімнің табандылық пен еңбек арқылы үлкен аренаға жол ашатынын дәлелдейді. Оның жеңісі Теректі ауданының спорт тарихында жаңа белес болып, жас буынға шабыт берері сөзсіз.

Майра НҰРЫМЖАНҚЫЗЫ



АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ

Жұма күні Теректі аудандық мәслихатының 33-кезекті сессиясы ұйымдастырылып, оған 12 депутаттың 9-ы қатысты. Күн тәртібіне 12 мәселе енгізілді.



Алғашқы мәселе бойынша Теректі ауданының әкімі Әлия Мұханбетжанова аудандық мәслихат депутаттары алдында өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы жөнінде есеп берді. Аудан басшысы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып, атқарылған жұмыстармен қатар шешімін күткен мәселелерді де атады.

Баяндамада аудан экономикасына жыл соңына дейін 41,8 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланғаны, 1 қыркүйекке оның 64,4 пайызы, яғни 26,9 млрд теңгесі орындалғаны айтылды. Жыл басынан негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 21,1 млрд теңгені құраған, оның 14 млрд теңгесі – жеке инвестиция. Ауданда 2068 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, оларда 4606 адам еңбек етеді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша жалпы құны 829 млн теңге болатын 51 жоба қаржыландырылған.

Ауыл шаруашылығы саласында пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жүргізілуде. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы 54,3 мың гектар пайдаланылмайтын жер анықталып, жыл басынан 23,5 мың гектарға қатысты құжаттар жер инспекциясына жолданған. Нәтижесінде 3 мың гектар жер мемлекетке қайтарылған. Сондай-ақ жайылымдық алқаптарды 10 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарланған.

Тұрғындардың тұрмыс сапасына тікелей қатысты инфрақұрылымдық жобаларға да назар аударылды. Аудандағы 49 елді мекеннің 47-сі табиғи газбен қамтылған. Бұл тұрғындар санына шаққанда 99 пайызды құрайды. Ауыз сумен қамту көрсеткіші – 88 пайыз, яғни 49 елді мекеннің 43-і қамтылған. Теректі ауылындағы су құбырын қайта жаңғырту жобасына 2,2 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстарын биыл аяқтау көзделген. Ақжайық санаторийі ауылында құны 443,1 млн теңге болатын жаңа су құбыры салынып жатыр.

Баспана кезегінде аудан бойынша 1865 адам тұр. Тоқпай ауылындағы 120 пәтерлі 20 үй отбасыларға берілген. Ал Подстепное ауылындағы 13 көппәтерлі тұрғын үй құрылысының орындалуы 94 пайызға жетіп, нысанды биыл аяқтау жоспарланған.

Аудан басшысы шешімін күткен мәселелерді де жасырмады. Аудандағы 1735 шақырым электр желісінің 1487 шақырымы немесе 85,7 пайызы тозған. Электр желілерін кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар жолдарды күрделі жөндеуге арналған 12 жоба дайын, оларды іске асыру үшін 3,9 млрд теңге қажет. Жаңа Өмір ауылында жаңа қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салуға құны 1,3 млрд теңге болатын жоба әзірленгенімен, оны жүзеге асыруға қаржыландыру қажет.

Денсаулық сақтау саласында биыл аудандық ауруханадағы дәрігерлер қатары тоғыз маманмен толыққан. Дегенмен офтальмолог, ультрадыбыстық зерттеу дәрігері, психиатр, нарколог, невропатолог және ЛОР мамандарына қажеттілік сақталып отыр.

Алғашқы мәселе бойынша қосымша баяндама жасаған Теректі аудандық полиция бөлімінің бастығы Артур Мұсағалиев бірінші жартыжылдықтағы криминогендік ахуалды баяндады. Оның мәліметінше, есептік кезеңде 25 қылмыс тіркеліп, былтырғы сәйкес кезеңдегі 47 қылмыспен салыстырғанда 46,81 пайызға азайған. Бөтеннің мүлкін ұрлау 14-тен 4-ке, қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар 11-ден 4-ке төмендеген, мал ұрлығы тіркелмеген. Дегенмен кәмелетке толмағандар жасаған, кәмелетке толмағандарға қатысты, отбасылық-тұрмыстық саладағы және бұрын сотталған тұлғалар жасаған қылмыстар бойынша өсім байқалған. Бірінші жартыжылдықта 1079 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 72 рейдтік іс-шара ұйымдастырылған.

Екінші мәселе аясында Ақжайық ауылдық округінің әкімі Болат Қадралиев округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді. Бес елді мекеннен тұратын округте 4073 тұрғын бар. Округте 51 жеке кәсіпкер тіркеліп, 31 шаруа қожалығы жұмыс істейді.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2025–2026 жылдары округтің 23 тұрғыны түрлі бағыттар бойынша жалпы сомасы 184 млн теңге несие алған. Оның ішінде сүт бағытындағы ірі қара өсіруге 34,8 млн теңге, сүт цехын салуға 29,1 млн теңге, бөдене шаруашылығын дамытуға 32 млн теңге бағытталған. 2025 жылы округке 1,2 млрд теңге инвестиция тартылса, биылғы жоспар 1,75 млрд теңгені құрайды.

Ауыл шаруашылығы бағытында округтегі 31 шаруа қожалығында 7756 ірі қара, 8419 қой-ешкі, 2762 жылқы және 5456 құс бар. Жұмыспен қамту шаралары аясында биыл 6 адам тұрақты жұмысқа орналасып, 23 тұрғын қоғамдық ақылы жұмысқа, 9 жас «Жастар тәжірибесіне» тартылған. Абаттандыру бағытында 13 сенбілік ұйымдастырылып, 10,3 тонна қоқыс шығарылып, 430 көшет отырғызылған.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары туралы Теректі ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қадыр Разиевтің есебі қаралмай, келесі сессияға қалдырылды.



Төртінші мәселе бойынша Теректі ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы Әлихан Жарылғасов жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың орындалуын баяндады. Ауданда жайылымдық жерлердің жалпы көлемі 382,2 мың гектарды құрайды. Дегенмен Юбилейное және Барбастау ауылдарында жайылым тапшылығы байқалады. Бұл елді мекендердегі су айдындары мен өзге санаттағы жерлер, сондай-ақ егістік алқаптарының үлесінің жоғарылығы жайылым ретінде пайдалануға болатын жер көлемін шектейді.

2025 жылы аудан бойынша 5248,3 гектар жер мемлекетке қайтарылса, биыл 1 қыркүйекке дейін тағы 3021 гектар жер қайтарылған. Оның 1008,3 гектары – жайылым. Сонымен қатар мал басының өсуіне байланысты жайылымдық жерлерге түсетін жүктеме де артып отыр.

Әлихан Жарылғасов бесінші мәселе бойынша ауданның жер комиссиясының жаңа құрамын ұсынды. Бұған дейінгі комиссияның өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты 12 адамнан тұратын жаңа құрам айқындалған. Оның құрамына тиісті бөлімдер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері, кәсіпкерлер және аудандық мәслихат депутаттары енгізілген.

Алтыншы, жетінші және сегізінші мәселелер бойынша Теректі ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару, бірыңғай қызметі (кадр қызметі) және мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Сәкен Идрескалиев баяндады. Депутаттар аудан әкімдігінің дербес құрамына, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мен терроризмге қарсы комиссияның құрамына кадрлық өзгерістер енгізу мәселелерін қарады.

Күн тәртібіндегі тоғызыншы және оныншы мәселелер округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру туралы бұрын қабылданған мәслихат шешімдеріне өзгерістер енгізуге арналды. Сондай-ақ он бірінші мәселе аясында «Теректі аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту мәселесі қаралды. Аталған мәселелер бойынша Теректі ауданы мәслихат аппаратының басшысы Болат Кенжеғұлов баяндады.

Он екінші мәселе бойынша Теректі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Сәуле Сәрсенова әлеуметтік көмек көрсету қағидаларына енгізілетін өзгерісті таныстырды. Ұсынылған өзгеріс бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды санаторийлік-курорттық емделуге алып жүру тәртібін жетілдіруге бағытталған. Бұған дейін алып жүрушілер қатарына жеке көмекшілер, жақын туыстар және жұбайы немесе зайыбы жатқызылса, жаңа редакция бойынша санаторийлік-курорттық емге бірге баратын кәмелетке толған адамның шығынын өтеу қарастырылған. Өтемақы бір алып жүрушіге нақты шығын мөлшерінде, алайда белгіленген кепілдік соманың 70 пайызынан аспайтын көлемде төленеді. Мұндай өзгеріске бірінші топтағы мүгедектігі бар тұрғындардан түскен ұсыныстар мен өтініштер негіз болған.

Сессия барысында депутаттар баяндамашыларға сұрақтар қойып, жауап алды. Қаралған мәселелер жекежеке дауысқа салынып, тиісті шешімдер қабылданды.

ӘдеміҒАЗИЗОВА







ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАСЫ

Тіл – қай ұлттың, қай елдің болмасын ең қастерлі де қасиетті қазынасы. Оның өн бойында халықтың ғасырлар бойы қатталған тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен рухы тоғысады. Ана сүтімен бойға дарып, бесік жырымен санаға сіңетін туған тіл адамды өз халқымен байланыстыратын алтын арқау іспетті. Бабаның батасы, халықтың дүниетанымы мен ұлттың мінезі де сол тілде өмір сүреді. Сондықтан ана тілін ардақтау – сөзді ғана емес, тұтас бір халықтың өткенін құрметтеп, келешегіне жол ашу.

Осындай тағылымды ойды ту еткен «Тіл – ұлттың ұлы мұрасы» атты мерекелік шара Қазақстан халқы тілдері күніне орай аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылды. Ана тілінің қадір-қасиетін ұлықтаған кеште мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлес қосып жүрген азаматтар марапатталып, көрермен назарына мазмұнды концерттік бағдарлама ұсынылды.



Қазақстан халқы тілдері күнінің тарихы еліміздің тіл саясатының қалыптасу кезеңдерімен сабақтас. 1989 жылғы 22 қыркүйекте Қазақ КСР-інің «Тіл туралы» заңы қабылданса, 1998 жылы Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесі бекітілді. 2017 жылғы Үкімет қаулысымен атаулы күн 5 қыркүйекке ауыстырылды.

Бұл күннің таңдалуында да терең мән бар. 5 қыркүйек – ұлт ұстазы, Алаш арысы, қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Ана тілінің ғылым ретінде қалыптасып, дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткердің мұрасы – қазақ тілінің табиғатын тереңірек тануға жол ашқан рухани қазына. Биыл ұлт ұстазының туғанына 154 жыл толып отыр. Сондықтан 5 қыркүйек – тіл мерекесі ғана емес, ұлттың сөзін түгендеген ғалымның өнегелі жолына тағзым етіп, өшпес мұрасын ұлықтайтын тағылымды күн.

Мерекелік шарада аудан әкімі Әлия Мұханбетжанова сөз сөйлеп, жиналғандарды Қазақстан халқы тілдері күнімен құттықтады. Аудан басшысы тіл білімінің қоғамдағы орнына тоқталып, ана тілін ардақтау, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және жас ұрпақтың тілге деген құрметін қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

– Тіл мерекесі баршамызды ел бірлігін нығайтуға, ана тілімізді ардақтауға және өскелең ұрпақтың тілге деген құрметін арттыруға үлес қосуға үндейді. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, елімізге бейбітшілік пен тұрақтылық тілеймін, – деді аудан әкімі.

Кеш барысында тіл саясатын жүзеге асыруға, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге және қоғамдық өмірге белсене араласып жүрген азаматтардың еңбегі еленді. Батыс Қазақстан облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының уақытша міндетін атқарушы Медхат Қамбетовтың атынан Екатерина Абдулова, Анна Бородулина және Ирина Джумашева алғыс хатпен марапатталды.

Аудан әкімі Әлия Мұханбетжанованың атынан табысталған арнайы аталымдар тіл мен ұлттық құндылықтарды насихаттаудың сан қырын қамтыды. Кітап пен рухани-мәдени мұраны дәріптеуге үлес қосқан Гүлайым Аманова «Тіл қазынасы», аға буынның өмірлік тағылымын кейінгі ұрпаққа жеткізіп жүрген Ұлан Сайтмұқаев «Ұрпақтар сабақтастығы» аталымына ие болды. Қазақ тілінің көркемдігін өнер арқылы танытып жүрген Анатолий Кругляк «Өнермен өрілген тіл», көптілді орта қалыптастыру бағытындағы бастамаларымен ерекшеленген Үміткер Орынғалиев «Полиглот-көшбасшы» аталымымен марапатталды.

Кәсіби білімі мен тәжірибесін көпшілікке мазмұнды сөзбен жеткізіп жүрген Замира Сапароваға «Жұлдызды спикер», қоғамдық маңызы бар бастамаларды ақпарат кеңістігінде насихаттауға үлес қосқан Әдемі Ғазизоваға «Медиа-Өрлеу» аталымы табысталды. Қазақ тіліндегі іс қағаздарын сауатты әрі жүйелі жүргізуімен ерекшеленген Руслан Сенгалиев «Ісқағаздар шебері», мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, қазақ тілінде сауатты әрі көркем сөйлеу мәдениетін қалыптастырған Светлана Жаскужиева «Тіл білгірі» аталымына ие болды.

Қазақстан – түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында ғұмыр кешіп отырған мемлекет. Әр халықтың өз ана тілі, мәдениеті мен ғасырлардан жеткен салт-дәстүрі бар. Ана тілі – ұлттың өткені мен бүгінін жалғайтын алтын көпір болса, мемлекеттік тіл – ел азаматтарын ортақ құндылықтар төңірегіне топтастыратын маңызды негіз. Өз ана тілін ардақтай отырып, қазақ тілін меңгеру мен оған құрметпен қараудың жарқын мысалы сол күні сахна төрінен де байқалды.

«Өнермен өрілген тіл» аталымының иегері, 16 жастағы Анатолий Кругляк – Чапаев жалпы білім беретін мектебінің оқушысы. Қазақ тілін меңгерген жас өрен қазақтың қара домбырасын да жанына серік еткен. Үш жылдан бері ұлттық аспапта ойнап жүрген ол мерекелік кеште Қадыр Мырза Әлінің сөзіне, Әшірхан Телғозиевтің әніне жазылған «Қазақ осы» әнін орындап, көпшілік ықыласына бөленді.

– Домбыра тартып жүргеніме үш жыл болды. Ұстазым – Дәурен Жұмағалиев. Домбыра үйренудегі жетістіктерімнің барлығы ұстазымның еңбегінің арқасы деп білемін. Қазақ тілін үйреніп жүргеніме шамамен төрт жыл болды. Тіл үйренуде қиындық болған жоқ. Мен сияқты қазақ тілінде сөйлейтін өзге ұлт өкілі де бар. Жалпы қазақша сөйлейтін ортам бар. Өзім украин ұлтының өкілімін. Украин, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білемін, – дейді Анатолий.

Төрт тілді меңгерген жас үшін қазақ тілі оқулықтағы ережелермен ғана шектеліп қалмаған. Ол – күнделікті қарым-қатынаста қолданатын тіл. Анатолийдің әңгімесінен қазақша сөйлейтін ортаның оның тілді еркін меңгеруіне сеп болғаны байқалады. Ал домбыраға деген қызығушылығы оны қазақтың ұлттық өнерімен жақындастыра түскен.

Кештің көркемдік салмағын арттырған тұсы – Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы ойларын арқау еткен шағын қойылым болды. Сахнаны қараңғылық көмкеріп, жалғыз прожектордың сәулесі ортадағы үстелге түсті. Майшам жағып, қолына қалам алған кейіпкердің толғанысы арқылы ұлт ұстазының ел мен тіл тағдырына қатысты ойлары көрерменге жетті. «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы өшпейді», «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалмақ» деген ойлар сахна төрінен жаңғырып, тіл тағдыры мен ұлт тағдырының егіз ұғым екенін айшықтай түсті. Қойылымдағы ана тілін кейінгі ұрпаққа аманаттау идеясы кештің негізгі өзегімен астасып жатты.

Тілдің қасиеті сахнада сөзбен ғана емес, әнмен, күймен, бимен де өрнектелді. Батыс Қазақстан облысының Мәдениет саласының үздігі Айбек Дәулетқалиев «Қазақ тілі» әнін орындаса, үлгілі «Жұлдыз» би ансамблі «Шаттық» қазақ биін ұсынды. Ансамбль жетекшісі – ҚР Мәдениет саласының үздігі Жанар Тайшыбаева. Қанат Дүйсенбаев Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқиса» күйін төгілтті. Бақытгүл Кабашева мен Айсұлу Жұбаныш «Самға елім» әнін шырқаса, Әділбек Қожабеков Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңін оқыды.

Камшат Кадырғалиева «Анамның тілі» әнін орындап, Айдын Серікқали мен Оразали Тасқалиев Нұртуғанның «Қанекей, тілім, сөйлеші» термесін толғады. Бағдәулет Жасбун халық әні «Илигайды» баянда орындады. Мерекелік кеш әншілер тобының орындауындағы «Атамекен» әнімен түйінделді.

Тіл – кеше мен бүгіннің арасындағы көпір ғана емес, келешекке бет алған рухани көштің де темірқазығы. Оның ғұмыры қағазға қатталған сөзбен емес, халықтың күнделікті қолданысымен жалғасады. Ана тілінде сөйлеген әр буын ғасырлардан жеткен сол алтын арқауды үзбей, келесі ұрпақтың қолына табыстайды. Демек, тілді ардақтау – өткенге тағзым ғана емес, келешек алдындағы жауапкершілік.

Ә. ҒАЗИЗОВА



БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ – БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚ



Теректі аудандық мәдениет үйінде «Әйел.Қоғам.Болашақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Берекелі отбасы – бақытты болашақ» жобасының қорытынды шарасы ұйымдастырылды.

Жоба отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен байланысты арттыруға бағытталды. Жоба аясында отбасындағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру, бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін күшейту мәселелері көтеріліп, аудан тұрғындарының қатысуымен түрлі кездесулер, психологиялық тренингтер мен отбасылық шаралар ұйымдастырылды.

Қорытынды жиынға Теректі ауданы әкімінің орынбасары Темірболат Сағынгереев қатысып, отбасы құндылықтарының қоғамдағы маңызына тоқталды. Сондай-ақ «Әйел.Қоғам.Болашақ» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, жоба жетекшісі Гүлмира Төлегенова жоба аясында атқарылған жұмыстарды қорытындылап, оған белсенді атсалысқан тұрғындар мен серіктестерге ризашылығын білдірді.

Шара барысында жоба аясында ұйымдастырылған «Менің бақытты отбасым» байқауының қорытындысы жарияланды. Байқауға 7 жанұя қатысып, отбасының бірлігін, жылуын, шығармашылығын және отбасылық құндылықтарын бейнеролик арқылы көрсетті.

Байқау қорытындысында Хайырғалиевтер отбасы I орынға, Рахымғалиевтер отбасы II орынға, Имангереевтер отбасы III орынға ие болды. Жеңімпаздар марапатталып, байқауға қатысқан отбасыларға белсенділігі мен шығармашылығы үшін алғыс білдірілді.

Сонымен қатар жобаның жүзеге асуына қолдау көрсетіп, ортақ бастамаға үлес қосқан серіктестер де назардан тыс қалмады. Оларға қоғамдық бірлестік атынан алғыс хаттар табысталды.

Жиын соңында қатысушылар еркін пікір алмасып, жоба барысында алған әсерлері мен тәжірибелерімен бөлісті.

«Берекелі отбасы – бақытты болашақ» жобасы қорытындыланғанымен, онда көтерілген мәселелер өзектілігін жоғалтпайды. Отбасындағы береке мен бірлік, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау – қоғамның берік негізін қалыптастыратын басты құндылықтардың бірі.



ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ҚОҒАМ ТІРЕГІ

Кітапханада «Әйел. Қоғам. Болашақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Берекелі отбасы – бақытты балалық шақ» жобасы аясында аудан тұрғындарымен кездесу ұйымдастырылды. Басқосуда ауданның үлгілі отбасыларының бірі – Қазиевтер жанұясы қонақ болып, бала тәрбиесі, ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық пен отбасылық құндылықтар жөнінде ой бөлісті.

«Берекелі отбасы – бақытты балалық шақ» жобасы отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен байланысты арттыруға бағытталған. Осы мақсатта аудан көлемінде семинарлар, психологиялық тренингтер мен отбасылық кездесулер ұйымдастырылып келеді.

Кездесуде сөз тізгінін алған «Әйел. Қоғам. Болашақ» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлмира Төлегенова Қазиевтер отбасымен берік шаңырақ құру, ұлттық тәрбие мен отбасы мүшелерінің жауапкершілігі төңірегінде сұхбат өрбітті.

Қайырбек Мұхитұлы мен Айдана Нұрманқызы – бес баланың ата-анасы. Олар бір ұл, төрт қыз тәрбиелеп отыр. Жеке кәсіппен айналысатын жанұя балаларының сапалы білім алуына және спортпен шұғылдануына ерекше көңіл бөледі. Балаларының алды спортта жетістікке жетіп, аудан атынан түрлі жарыстарға қатысып жүр.

Әңгіме отбасындағы тәртіп пен ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластықтан басталды. Қайырбек Мұхитұлы бала кезінен үлкендердің тәлімін көріп өскенін айтып, өз отбасында да сол тәрбиені жалғастыруға тырысатынын жеткізді.

– Бұрынғының тәрбиесін көрдік. «Еркек – үйдің егесі, әйел – үйдің шегесі» деген сөзді естіп өстік. Үлкендерден ер адамның отбасындағы орны мен рөлін көрдік. Сондықтан қазақы тәрбиені, үлкеннен алған өнегені ұстанып отырған отбасымыз, – деді отағасы.

Оның пікірінше, берік отбасының негізінде тәртіппен қатар өзара түсіністік жатуы керек.

– Заман өзгерді. Қазір екі адам да жұмыс істеуі керек уақыт. Сондықтан бір-бірін түсініп, сыйластықта өмір сүрген жөн. Өйткені отбасындағы түсініспеушіліктен бәрінен бұрын балалар зардап шегеді, – деді ол.

Айдана Нұрманқызы да отбасындағы мәселелерді бір-бірімен ақылдасып, ортақ шешім қабылдаған жөн екенін айтты.

Қазиевтер шаңырақ көтерген алғашқы жылдары ата-анамен бірге тұрған. Айдана Нұрманқызы енесімен жақсы қарым-қатынаста болғанын, одан көп тәрбие алғанын еске алды. Бүгінде өмірден өткен үлкендерді сағынышпен еске алатынын жеткізді. Осы тұста «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деген халық даналығының мәні де сөз болды.

Кездесудегі маңызды тақырыптың бірі – қыз балаға деген қарым-қатынас. Гүлмира Төлегенова жоба аясындағы сауалнамада 17–26 жас аралығындағы жастарға «Қыз баланы сыйлау емес, қатты ұстау керек деген пікірмен келісесіз бе?» деген сауал қойылғанын айтып, оған қатысушылардың көбі осы пікірді таңдағанын жеткізді. Қайырбек Мұхитұлы мұндай ұстаныммен келіспейтінін айтты.

– «Нәзік нәрсені қатты ұстасаң, сынып қалады» дейді. Келіспеймін. Иә, кей мәселеде екеумізде екі түрлі көзқарас болуы мүмкін. Бірақ сыйластық міндетті түрде болуы керек. Қорқытып ешкіммен бірге тұра алмайсың, – деді отағасы.

Қазиевтер отбасы арнайы қағида санамалап қоймағанымен, өздері маңызды санайтын бес ұстанымды атады. Олар – тәртіп, адалдық, шыншылдық, тазалық және сыйластық.

Төрт қыз тәрбиелеп отырған Айдана Нұрманқызы қыздарына жас ерекшелігіне қарай талап қоятынын айтты. Үлкен қызы жетінші сыныпқа барады. Сондықтан әзірге боянуға, ашық киінуге асықпауын талап етеді.

– Қыздың үлкені қандай болса, қалғандары да соған қарайды. Жалпы, боянатын кезі болады ғой. Әзірге ерте, – деді ол.

Ал ұл тәрбиесінде Қайырбек Мұхитұлы тәртіп пен еңбекке ерекше мән береді. Қазір 16 жастағы ұлымен әке мен бала ғана емес, дос ретінде де сөйлесуге тырысатынын жеткізді.

– «Он үшке дейін құлша жұмса, одан кейін досындай сырлас» дейді. Қасымдағылардан ұлыма қатты екенімді көп естимін. Көп жұмсаймын. Бірақ мұның бәрі өзіне керек. Спорттағы жетістіктері де режимінің арқасында, – деді отағасы.

Қайырбек Мұхитұлы ұлын үш жасынан спортқа баулыған. Кейін ол аралас жекпе-жек пен күреске қатысып, республикалық және халықаралық жарыстарда бақ сынаған. Сонымен қатар әке ұлына қыз баланы сыйлау керектігін жастайынан айтып келе жатқанын жеткізді.

– Төрт қарындасы бар. Ұлыма қызды сыйлау керек екенін жастайынан айтып келемін. Алда жар таңдауда қателеспейді деп сенемін. «Қыз жақсы болса, ел жақсы болады» дегенмен келісемін, – деді ол.



Ерлі-зайыптылар арасындағы түсіністік мәселесі де назардан тыс қалмады. Айдана Нұрманқызы реніш туған кезде екеуінің бірі сабыр сақтауға тырысатынын айтты.

– Күйеуімнің ашуы тез келеді, бірақ тез қайтады. Біреу ашулы болғанда, екіншісі сабырлы болуға тырысу керек. Ол ашулы кезде сөз таластырмаймын. Тыныштал-ған соң назымды білдіремін. Ол түсінеді, – деді отанасы.

Қайырбек Мұхитұлы – отбасындағы кенже ұл. Қазақы дәстүрге сай бүгінде ата-анасынан қалған қара шаңыраққа ие болып отыр. Ағайынның басын осы шаңырақта қосып, отбасылық дәстүрді жалғастыруды өзінің міндеті санайды.



– Ата-анам жоқ болса да, ағаларым келгенде қара шаңырақ иесі ретінде мал сойып, қазан көтереміз. Садақа, ас болсын, бізде жасалады. Қара шаңырақты құлатпау керек, – деді ол.

Кездесуді қорытындылаған Гүлмира Төлегенова отбасындағы әр адамның өзіндік жауапкершілігі бар екенін айтып, бала тәрбиесіне қоғам болып бейжай қарамауға шақырды. Оның сөзінше, өзгенің баласының теріс әрекетіне «менің балам емес» деп көз жұма қарау дұрыс емес. Өйткені бүгін бір қоғамда тәрбиеленіп жатқан ұл мен қыз ертең бір-бірімен отбасы құрады. Сондықтан өскелең ұрпақтың тәрбиесіне ортақ жауапкершілікпен қарау қажет.

Кездесу соңында Гүлмира Тайманқызы Қазиевтер отбасына гүл шоғын ұсынып, шағын сыйлық табыстады.

Беттерді дайындаған Ә. ТАЛҒАТҚЫЗЫ